ҰLAN

7 қараша 2023 жыл
№45
(8823)

Газет 1930 жылдың 14 наурызынан шыға бастады

Балалар мен жасөспірімдердің республикалық газеті

Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 100 жыл

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАС АҚЫНЫ

Мұзафар Әлімбаев туралы көп дүние жазуға болады. Себебі ғасырға жуық өмір сүрген оның күллі өмірі еңбекпен өтті. Соғысты да көрді. Өз қатарластарынан майданда ұзағырақ болған да Мұзағаң. 1948 жылы ғана елге оралған. Енді аяққа тұра бастаған қазақ әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі болды десек қателеспейміз. Біз Мұзағаңның бүгінге жеткен мұрасының бір ширегіне саяхат жасап көрмекпіз.

Ағалардың алақанында

Әдебиет әлеміне енді бойлай кірсе де, алдыңғы буын ағалардың аялы алақанына жылынғанның бірі – Мұзафар Әлімбаев. Мұхтар Әуезовтен бастап, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаевтардың жанында жүрді. Бәріне де туғанындай еркеледі. «Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның» естелік кітабында ағалары мен замандастары жөнінде құнды естеліктер бар. «Өз өмірімнің самала-сәулелі беттері деп ұлы Мұхтар Әуезовпен танысып, араласып, жақындасқан жылдарымды, ұлы құшақтың ыстығына жылынып, өнегесінен үйренген кезеңімді, «Досым» деген мейірін естіген мезеттерімді айтар едім», – дейді Мұхаң туралы естелігінде. Әйгілі жазушы да оны шет қақпайды. Өзімен бірге жолсапарларға ала кетеді. Бірде Мұхтар Әуезовтің жазып берген мақаласы газетке сыймайтын боп, Мұзағаң оны әр сөйлемнен бір-бір сөзден алуына тура келеді. Синоним сөздерді біртіндеп, жымын білдірмей алуға тырысады. Ертесі газет шыққанда ұлы Мұхаң Мұзағаңа қоңырау шалыпты. Артық-ауыс сөзге бармай, келесіде өзіме ескерт депті. Міне, Мұзағаң ағаларына осылай да еркелей білген.

(Жалғасы 7-бетте)

АЛТЫН ТАПҚАН БАЛАЛАР

1988 жыл, 12 сәуір. Сабақтан шыққан төрт дос үйге қайтуға асықпады. Көкмайсада асыр салып доп ойнады. Кенет балалардың бірі:

«Мынаны қараңдар, бірнәрсе жылтырайды», – деп айғайлады. Арық түбінде жылтырап жатқан затқа көз түсті. Сары темірге арқар мен бұғының мүсінін салыпты, өрнектелген заттардың сынықтары, теңге, белбеудің әшекейлері... Балалар алтын деп ойлаған жоқ. Ер тоқымды сәндейміз деген оймен іле кетті.

Кейін ғылыми қызметкерлер табылған қазынаның өте бағалы екенін дәлелдеді. Көне қолөнер туындысы қымбат бұйымдар қатарына жатады екен. Барыс пен таутекенің, бұғының, ешкі мүйізінің бейнесі салынған алтын әшекейлер мен алтын сырғалар – өте құнды заттар.

Алматы облысының Кеген ауданына қарайтын Жалаулы ауылының оқушылары ғылым әлеміне «Жалаулы көмбесі» атымен енген көне алтын әшекейлер көмбесін тапқан еді.

(Жалғасы 3-бетте)

Ойласу

Диана ӘДІЛХАН,
11-сынып оқушысы
Ақтөбе қаласы

КІТАП ОҚУ ДЕПРЕССИЯДАН ҚҰТҚАРАДЫ

Білесің бе, депрессия қандай жағдайда пайда болады? Адам болғасын өмірімізде түрлі қиын кезең болады. Іштегі сезімдеріңді маңызды деп санамай, тұншықтыра бергеннен кейде тұңғиыққа батып кетесің. Өз сезіміңді түсіне алмайтын кез де болады. Дәл сондай сәтте өзіңді қолға алмасаң, ұзақ уақытқа созылып кетуі мүмкін. Не істеймін, қандай әрекет жасаймын деген ой келсе, кітап оқуға кеңес беремін.

Кітап оқу депрессиядан құтқарады. Қандай жанрдағы кітап оқыған жөн? Кез келген кітап – ауырған жеріңе ем. Ал көркем әдебиетті оқысаң, тіптен жақсы. Кітап оқығанда кейіпкермен бірге жылап, бірге күлесің, кей жерінде мұңаясың. Демек, эмоцияң сыртқа шығады. Кітап оқығанда ойың бөлінеді. Бір уақыт болсын жаман ойдан арыласың. Анализ жасайтын қабілетке ие боласың. Өміріңде болған жағдайларға неше түрлі ракурстан қарап, бір түйін жасайсың. Егер депрессив көңіл-күйде жүрсең, одан шығуға кітап көмекке келеді.

Білім елінде

ҰЛТТЫҚ КІМДІК және ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА

Кез келген елдегі сияқты Қазақстан мектептерінде де географияны оқыту маңызды. **География** оқушыларға әлем туралы білім береді, оның физикалық ерекшеліктерін, адам популяциясын, мәдениетін және табиғи ресурстарын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл білім оқушыларға жаһандық білім бәсекесінде қабілетті азамат болуға көмектеседі. **География** дүниежүзіндегі әртүрлі мәдениетпен, дәстүрмен және қоғаммен таныстырады. Эмпатия мен инклюзив дүниетанымды дамытады, әлеуметтік бірлік пен үйлесімді қоғамды құруға ықпал етеді.

EcoForming экология және білім қоры 27-28 қазан күндері Астана қаласында, Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында «Дарын» орталықтарының атсалысуымен география пәнінен ұлттық олимпиада ұйымдастырды.

Ұлттық олимпиаданы өткізудегі басты мақсат – оқушылардың географияға деген ынтасын арттыру, географияның пән ретіндегі мәртебесі мен беделін лайықты деңгейге көтеру. Тапсырмалар арасында ішінара National Geographic Qazaqstan журналының материалдарынан дайындалған сұрақтар болды.

География саласындағы білім қоршаған ортаны қорғау туралы ақпараттануда және тұрақты тәжірибені насихаттауда өте маңызды. Жер бедері әртүрлі Қазақстан оқушыларға табиғатты сақтау және ресурстарды жауапты басқарудың маңызы туралы білім берудің пайдасын көре алады. Географиядан сауда, ресурстар және экономикалық әрекеттер туралы да білеміз. Энергетика, ауыл шаруашылығы және тау-кен өнеркәсібі сияқты салаларға тәуелді Қазақстан экономикасы үшін жаһандық экономикалық өсім мен сауда үлгілерін түсінетін қоғам құруда да оның маңызы зор.

Географияны оқыту ұлттық кімдік пен елге деген мақтаныш сезімін дарытады. Ұлттық кімдік және ұлттық олимпиада. Қазақстанның кең-байтақ даласы, таулары мен көлдері сияқты бірегей географиялық ерекшеліктерін түсіну

отансүйгіштік сезімін оятуға және ұлттың табиғи сұлулығын бағалауға көмектеседі. География ғылым, инженерия және қала құрылысын қоса алғанда, әртүрлі салада шексіз әрі құнды ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді. Бұл оқушыға карталарды түсінуге және түсіндіруге, деректерді талдауға және негізді шешім қабылдауға көмектеседі.

Оқушы және геосаясат. Қазақстанның Орталық Азиядағы стратегиялық орнын ескерсек, географияны оқыту геосаяси мәселелер, аймақтық қатынастар және жаһандық оқиғаларды түсіну үшін өте маңызды. Ол балаларды халықаралық істермен айналысуға және өз елінің дипломатиясы мен сыртқы саясатына үлес қосуға дайындайды.

Географияны жақсы білу қала құрылысын жоспарлау, қоршаған ортаны басқару, халықаралық қатынастар сияқты мүмкіндіктерді ашады. Олимпиаданың екінші күні оқушылар National Geographic Qazaqstan журналында жарияланған ғылыми мақалаларға теориялық пікір ұсынды. Олардың ішінара жасаған сауалнамалары мен болашақты елестетуі назар аударуға тұрарлық.

Жаһандық сын-қатерлерге дайындықты жоспарлау. Олимпиадада климаттың өзгеруі, табиғи апаттар және ресурстардың тапшылығы сияқты жаһандық проблемаларды балалар өз бетінше шешуге тырысты. Бұл мәселелер Қазақстанға және әлемге айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Қатысушылар жаһандық тұрғыдан ойлай алады екен. Білімді балалар тиімді әрекет ету үшін қызықты идея ұсынды.

Қазақстан мектептерінде географияны оқыту білімді, ғаламдық деңгейде хабардар және қоршаған ортаға жауапты азаматтарды тәрбиелеу үшін өте маңызды. Олимпиада оқушыларды құнды дағдымен қаруландырады, ұлттық болмысқа үлес қосады және оларды заманауи әлемнің күрделі мәселелерін шешуге дайындайды.

Ұлттық олимпиада балалардың зерттеу дағдысын дамытуға, білім көкжиегін кеңейтуге септігін тигізе отырып, география пәнінің мәні мен маңызының лайықты бағалануына ықпал етті. Олимпиадаға 7-8-сынып оқушылары қатысты. Жеңімпаздарға «Шеврон» компаниясының арнаулы сыйлықтары берілді.

Нұрлыхан ЖҰМАХАН

Күншуақ

ЕРІКТІ БОЛЫП, ЖАҚСЫ ОРТА ТАПТЫМ

«Қамқор». Алты әріптен тұратын осы бір сөз ізгі мінезімізді, мейірім мен таза ниет, көңілдегі жылу секілді асыл қасиеттерімізді білдіреді. Халқымыздың осы асыл қасиеттерін жаңғыртып, жалғастырып жүргендердің бірі – Еуразия ұлттық университеті еріктілерінің басын біріктірген «Қамқор» еріктілер лигасы.

«Қамқор» туралы толық ақпарат алу үшін оның төрағасы Мадияр Ниязғалиевты сөзге тарттық.

– **«Қамқор» лигасы қалай құрылды?**

– «Қамқор» лигасы ЕҰУ-дың бұрынғы «Жас Отан», қазіргі «Жастар рухы» ұйымының ішіндегі еріктілік бағыты болған. Алғашқы төрағамыз, сол кездегі 3-курс студенті Ерасыл ағамыз 2019 жылы «Қамқорды» жеке лига ретінде құрды.

Негізгі жоспар – жүрегінде мейірімі бар еріктілердің санын көбейту. Былтыр «Қамқор» ұйымында 200 ерікті болды, ал биылғы мақсат – еріктілер санын 500 адамға жеткізу. Әлеуметтік желіні дамыту, тағы басқа да қайырымдылыққа қатысты идея көп.

– **Қандай адам ерікті бола алады?**

– Кез келген адам ерікті бола алады, тек жүрегінде титтей ғана мейірім болса жеткілікті. Сол титтей мейірім шоғы ұлғайып, үлкен жақсылық жасауға жетелейді. Ұйымға кейде ойын-күлкі, қызық үшін кіретіндер бар. Бірақ сол жандар еріктілер арасында белсенді боп шыға келеді.

– **«Қамқор» лигасы қандай бағыттарда жұмыс істейді?**

– «Қамқор» лигасы төрт бағыт бойынша жұмыс істейді.

Біріншісі – Эко фракция. Экологияны қорғау, таза ұстау, тазалық жұмыстары жөніндегі іс-шаралар.

Екіншісі – Этно фракция. Ұлттық жаңғырту тақырыбындағы іс-шаралар, қазақылықты, ұлттық өнерді, ұлттық ойындар сияқты ұлттық кімдікті сақтау бағытындағы жұмыс.

Үшіншісі – Бақыт фракциясы, ол адамдарға бақыт сыйлауды көздейді. Балалар үйіндегі балаларға, қарттарға, жануарларға барып, олардың жүзіне күлкі ұялатып, жан жылуын сездіруді көздейді.

Төртіншісі – Healthy фракциясы. Ең басты байлығымыз – денсаулықты сақтау бағытында спорт шараларын ұйымдастыру, алғашқы көмек көрсету сияқты жұмыс атқарады.

Оқуға түскелі бері байқағаным, «Қамқор» лигасында жүрген студенттер бірнеше игі істің бастамашысы болды. Балалар үйіндегі балаларға, Қарттар үйіндегі қарияларға барып жатқанының куәсі болдық. Қазір өзім де осы отбасының бір мүшесімін. Ұйымға кіргелі орта таптым, достарым көбейді. Бұл ұйым маған жақсылық жасауды ғана емес, достарыңмен көңіл көтеруді, өзге жандарға жылу беруді әрі адамдармен ашық-жарқын сөйлесе алуды үйретті. Ерікті болып жүртқа пайдамның тигені үшін өзімді бақытты санадым.

Айдана НҰРБАҚЫТҚЫЗЫ,
Еуразия ұлттық университетінің
1-курс студенті,
«Ұланның» жас тілшісі

АЛТЫН ТАПҚАН БАЛАЛАР

(Басы 1-бетте)

Олжа туралы тарих, мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Алматы облыстық кеңесіне, сонымен бірге Қазақ КСР Тарих, этнография және археология институтының ежелгі археология бөліміне хабарлайды. Жалаулы ауылына К.Ақышев бастаған археолог ғалымдар тобы келіп, көмбе орнын барлап, біршама қазба жұмысын жүргізеді. Киімнің, белдік пен ат әбзелдерінің әшекейлері және басқа да алты жүзден астам зергерлік алтын бұйым табылады.

Республика күні қарсаңында Мемлекеттік орталық музейде алтын тапқан балалармен кездесу кеші өтті. Ол кезде 6-сыныптың оқушылары болса, қазір ел ағасына айналған. Жалаулы көмбесінен кездейсоқ табылған жәдігердің ғылымға енуіне себеп болған Тынышбек Мұқажанов, Ермек Мұхамеджанов, Айқын Әмекұлы және Қанат Әжіғұлов есімді азаматтардың ерлігін елге таныстыруды мақсат тұтқан кездесу кешіне біз де барып қатыстық. Алтын тапқан балалармен бірге бала көңілге саяхат жасадық.

Айқын:

– Алтын екенін білген жоқпын. Сабақтан қайтып келе жатқам, алдымнан машина шыға келді. Шопыр қолымдағы жылтыр заттың не екенін сұрады. Тауып алғанымды айттым. Баламын ғой, тиынға жылтыр тасты ауыстырып алдым. Үйдегілерге айтқан да жоқпын.

Ермек:

– Иә, қазына екенін кейін білдік. Ойын баласы болған соң, қалтамызға салып, үйге қайттық. Құрамалы белдіктің төрт тоғасын салып алғам. Киімдерімді шешіп, мал суаруға шыққам. Ойбай, ауылдан алтын табылды деп шу болды. Ауданнан милиция келіп, бәрін тексереді деп жатыр екен. Мектептің директоры, қаладан археолог ғалымдар келді.

Түстен кейін ауылдағы шағын клубта жиналыс болатын болды. «Алтынды алғандар өткізсін. Қаладан әкелетін алтын іздегішпен бәрібір тауып алады. Ұшақпен іздейді» деген сыбыс тарады.

Жиналысқа ақсақалдар, алтын тапқан балалар, бәрімізді жинады. Төрт алтын тоғаның біреуін атама берген едім. Әкем партияның адамы. Жиналыста: «Менің баламда алтын бар», – деді. Үйден барып, біреуін алып келдім. Әкем: «Қалғаны қайда? Бар, алып кел», – деді.

Ортада: сол кездегі Кеген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бексырға Данышпанов

Үйге қайтадан барып, тағы екеуін әкелдім. Тоға алтыннан бөлек, ұштарын да салып алғам. Мал айдап шыққанда ұсақтарын алып шыққанымды біреулер көріпті. Малға шыққанда тауға қарай лақтырып жібергем. Ұсақ алтынды сұрады. Лақтырған жерімді көрсеттім. Мектептен оқушыларды әкеліп, олар іздеп, тауып алды.

Тынышбек:

– Әшекейлердің ішінде ең құндысы – жарты ай тәрізді иіліп келген алтын пектораль. Оның жоғары жағы асыл тастар қондырылған арқар мүсінімен безендірілген. Әшекейді шешеме көрсеттім. «Жоқ дүниені ұстайсың», – деп лақтырып жіберді. Сыныптасым Ерболдың әке-шешесі шопан болатын. Олар жолдан тауып алып, «балама ертоқымға» деп алып кетіпті. Кейін клубта жиналғанда қайтардық. Қара киіз дорбадан шыққан алтындар. Су шайып, ішіндегі алтын шашылған екен.

Өкініштісі, ортамызда Қанат аға жоқ. Ағаның орнына анасы Сағымхан апа былай еске алды:

– Ермек, Тынышбек бәріміз көрші болдық. Ол уақытта алтыншы сыныпта оқитын. Шелпек таратып жүр едім, бала велосипедпен келіп, тай тұяқты көрсетті. Қайдан алғанын сұрап едім: «Арықтан таптым. Жардан темір жәшік құлап түсті», – деді. Аяғының бәрі балшық. Әйелдердің заты шығар деп, таста дедім. Үйдің жанында арық бар еді. Балам арыққа барып, алтынды суға жуған. Жолдан балалар көріп, «бұл алтын емес» деп 100 сомға айырбастап алыпты.

Үйге милиция келіп: «Алтынды қайтарыңдар», – деді. Балам кімге бергенін айтты. Алтынды Кегенге алып кетті. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» демекші, көмек болса деп Мәскеуге дейін арыз жаздық. Телеарнадан тілшілер келіп, «Алтын тапқаның үшін не керек?» – деп баламнан сұраған ғой. «Ауылға мектеп керек», – депті. Сыйлыққа төрт балаға магнитофон берді, бары сол. Машина беріледі деп айтқан. Теңге ауысып, елде өзгеріс боп, машина да берілмеді. Бірақ баламның аты тарихта қалды.

ҚАЗЫНА ТОЛЫҚ ЗЕРТТЕЛГЕН ЖОҚ

Табылған олжаны аудан орталығына алып барады. Өлшеп көрсе, 1 келі 360 грамм таза алтын.

Ғылым академиясы археологиялық экспедициясының жетекшісі болған Б.Нұрмұханбетов былай деп пікір берген екен: ***«Табылған заттарды хронологиялық белгілері бойынша бірнеше топқа бөлуге болады. Ең көнесі б.з.б. VII–V ғасырға жатады. Әшекейлер киіз қапта сақталыпты. Онысы шіри бастапты. Көптеген зат зооморфтік стильде жасалған. Мұның өзі скиф Сібір өнеріне тән. Олардың кейбіреуі жоғары дәрежеде дамыған сақтар заманының қолданбалы өнерінің үлгісін еске салады. Тұтас жарты ай формасындағы пектораль да ерекше назар аудартады. Мұндай олжа Сібірдің, Орта Азия мен Қазақстанның кеңбайтақ территориясында бұрын-соңды кездеспеген. Бұл Ежелгі Жетісудің жоғары дәрежеде дамыған мәдениетін дәлелдейтін бірегей Жалаулы қазынасындағы заттардың бір бөлігі».***

Б.з.д. V-III ғасырларда өмір сүрген сақ мәдениеті мұрасына жататын Жалаулы қазынасы әлі толық зерттеліп, ашылған жоқ.





ҚР Мемлекеттік орталық музейінің директоры Рашида Ерімқызы:

– Біз жас ұрпақтың тәрбиесі тұрғысынан қараймыз. Осындай дүниені тапқан уақытта не істеу керек? Қазір қара ниетті археологтар көбейіп кетті. Металл іздегішті алып, даладан іздейді. Ол дұрыс емес. Жас жеткіншектер жәдігер тапса, бүгінгі кейіпкерлер секілді орталық музейге өткізгені жөн. Бұл алтынның бәрі зерттелді. Шетелдік көрмелерге кейбірі ғана шығарылады. Өйткені, сақтау ерекшелігін ескеруіміз керек. Қазақстанның аумағында өмір сүрген тайпалардың барлығының жоғары дәрежеде металды өңдей білгенін көреміз. Металды балқытып, әртүрлі бейне жасаған. Біздің зергерлеріміз әлі күнге дейін осы деңгейге толық жеткен жоқ. Адамдардың бейнесі, олардың бір заманнан екінші заманға жеткізуі осы алтын бұйымдарда қамтылған. Алтын өткізсе, аз ғана ақша болады. Музейде сақталса, біздің мәдениетіміздің әлдеқашан дамып, өркениетте болғанын дәлелдейтін жәдігер болар еді.

Кеген ауданының Жалаулы маңында қазба жұмыстары көп жүргізілмеген. Тек барлау жұмысымен шектелген. Таудың етегі болғасын терең зерттеу жүргізу керек. Қорғанның барлығы тоналып кетуі мүмкін емес. Біреуі болмаса, енді бірінен осындай құндылық табылады. Біздің өркениетте өмір сүргенімізді дәлелдейтін құндылықтар. Бұл археология саласы үшін құнды дәлел.

Біз биыл алғашқы барлау жұмысын жүргіздік. Қазына тоналған. Сонда да сары түсті металдар табылды. Сары түсті дейтін себебіміз, әлі анықталмаған. Зерттеуден кейін алтын екенін айта аламыз.

Музей директоры қазба жұмыстарынан соң ауылдарда тіршілік жанданар еді дейді. Табиғаты тамаша ауылға туристер келсе, ауылдан адам кетпес еді. Өйткені, адамды көшіруге емес, ауылда тұрақтандыруға жұмыс істеген абзал...

Гүлфарида ЗЕЙНУЛЛИНА

FinGramota
Халықтың қаржы сауатын арттыру

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕРТЕГІ

Асан мен Үсеннің басынан кешкендері немесе ақша туралы хикая

4-тарау

Күзгі таңның күні ерекше арайланып, айналаға шуақ шашты. Асан мен Үсеннің анасы әдеттегідей таңғы асын дәмділеп даярлап, үй іші түгел дастарқан басына жайғасты. Тек Асан ғана ойға шомып, үнсіз отыр. Әншейінде көңілді жүретін ұлының мына кейпіне алаңдаған әкесі:

– Асан, саған не болған? – деп сұрай бергені сол еді, Асан бастырмалатып:

– Сонымен мен өскенде немен айналысатынымды шештім. Банкте жұмыс істегім келеді, – деп жаңалығын жайып салды.

– Апыр-ай, ә! – деді таңғала Жарқын Арманұлы. – Сен өзі банктің не екенін, ол қалай жұмыс істейтінін білесің бе?

Асан ойланып қалды.

– Әзірше білмеймін, рас.

– Ендеше, біздің үйдің жанында банк бөлімшесі бар. Таңғы астан кейін сол жерге экскурсияға баруды ұсынамын.

– Сонда балаларды банктерге кіргізе бере ме? – деді Үсен күмәндана.

– Оны барған соң білеміз. Қане, тамақтарыңды тауысып, жиналыңдар!

* * *

Балалар әкесімен бірге жақын маңдағы банк бөлімшесіне келіп жетті.

Кіреберісте оларды күзетші қарсы алды. Оның қаһарлы түрі Асан мен Үсенді аздап састырғанымен, өте ақжарқын адам екен. Ең алдымен бұлардың не мақсатпен келгенін сұрады, содан кейін банктің клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерін шақырды.

Балалардың жанына әдемі форма киген қыз келді.

– Ересек адамдардың да форма киетінін білмеппін! – Асан таңғалып қалды.

– Банктерде және басқа кейбір ұйымда бірыңғай классикалық киім үлгісі болады.

Бұл клиенттерге ұйымды ерекшелендіре танытып тұрады және компания қызметкерлерін ортақ стиль арқылы біріктіреді. Ұжымда үйлесімді жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі, – деп түсіндірді «Шолпан» деп жазылған төсбелгісі бар қызметкер. Сөйтті де бірден:

– Мен сіздерге не көмек бере аламын? – деді.

– Біз банк жұмысымен танысуға келдік, – деп түсіндірді Жарқын Арманұлы. – Менің ұлым он бес жылдан кейін сіздерге әріптес болып қалуы мүмкін.

– Әрине, қуана-қуана айтып беремін! – деп жымиған қызметкер қыз өзінің соңынан еруге шақырды. – Әрине, ешкім бізге ақша сақталатын қоймаға немесе кейбір қызметтік бөлмелерге кіруге рұқсат бермейді. Ал клиенттерге қызмет көрсететін операция залына кіруге болады.

– Банктердің тарихы екі мың жылдан астам уақыт бұрын – біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда Вавилонда басталғаны рас па? – деп қызыға сұрады Үсен.

– Иә, банктер ерте заманда пайда болды, міне, содан бері маңызды жұмыс атқарып келеді. Бірақ ежелгі дәуірдегі және тіпті банк жүйесі нақты қалыптаса бастаған ортағасырлық Италиядағы банктердің өзі қазіргі заманғы банкке онша ұқсамайды. Сыртқы бейнесімен де, басқа жағынан да.

– Айтыңызшы, адамдар банктерді не үшін ойлап тапқан? – Асан осы сұрақтың жауабын естуге ынтықты.

– Адамдардың ақша жинауына, сонымен қатар ақшаны үнемдеуге және көбейтуге көмектесу үшін, – деп түсіндірді олардың экскурсия жетекшісі.

– Банк – ақшаны сақтауға қабылдайтын және оны несиеге беру құқығы бар ұйым.

– Біздің елде банктер көп пе?

Шолпан әлденені есіне түсіргісі келіп, ойлана жауап қатты:

– Коммерциялық банктер туралы айтсақ, жиырмадан асады. Негізі Қазақстанда екі деңгейлі банк жүйесі бар, – деп түсіндірді ол. – Басты немесе бірінші деңгейлі банк – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі. Оны үкіметтің негізгі қаржы кеңесшісі деп те атайды. Қазақстанда айналымға ақша белгілерін, яғни банкноттар мен монеталарды – теңгемізді шығаруға соның ғана құқығы бар. Ал коммерциялық банктер екінші деңгейлі банктер деп аталады. Олар халықпен және кәсіпорындармен жұмыс істейді. Жұртқа несие беріп, адамдардың өтінішіне қарай депозит ашатын да солар. Біз қазір сендермен бірге бөлімшесінде отырған банк те коммерциялық болып есептеледі.

– Коммерция дегеніміз табыс табады деген сөз ғой, иә? – деп Асан нақтылай түсті.

– Жарайсың, – деп Шолпан баланы мақтап қойды. – Мұндай банктер, басқа да коммерциялық ұйымдар сияқты, банк өнімдері мен қызметтерін, яғни өз «тауарын» сатылымға шығарады, сол үшін клиенттерден төлем алады, – деді де Шолпан қонақтарға банкті көрсетуге кірісті.

* * *

– Қазіргі заманғы банктердің жұмысы әртүрлі сұраныспен келетін клиенттерге ыңғайлы болатындай етіп ұйымдастырылған. Егер бұрын банктер негізінен тек ақша сақтап, қарызға беріп келсе, енді олардың міндеттері кеңейді.

Ұлдар жан-жағына көз тастап қояды.

Банктің бірнеше залы бар екен. Олардың біріндегі жеке-жеке шыны кабиналарда операторлар клиенттерді қабылдап отыр.

– Мұнда адамдар шот ашады, яғни ақшасын сақтап қоюға тапсырады.

– Бекерге ме? – деп Үсен таңырқай сұрады.

– Бекерге емес, әрине. Банк клиенттің ақшасын пайдаланғаны үшін оларға үстеме пайызын төлейді. Мұнда сондай-ақ валюта айырбастауға, шет елге ақша аударуға немесе алуға болады. Басқа да неше түрлі қызмет бар.

Сөзге Жарқын Арманұлы араласты.

– Егер сендер қарсы болмасаңдар, мен өз депозитімді ұзарту үшін операторға кіріп шығайын. Анаң екеуіміз отбасымызбен саяхаттауға ақша жинап жүрміз.

Ұлдар әкесімен бірге кабинкаға кірді.

Олар банк қызметкерінен білгендей, депозит – үлкен сұранысқа ие банк өнімдерінің бірі екен. Расымен де, ақша банкте үйдегі сандықшадағыдай бостан-босқа жатпайды, олар кәдімгідей «жұмыс істейді» – әрбір сомаға қарай пайызбен ақша қосылады.

Шолпан балаларды келесі залға ертіп кірді.

– Мұнда біздің клиенттеріміз банк картасын ашады. Жаңа байқаған боларсыңдар, бөлімшеге кіреберісте банкоматтар орналасқан. Картасы бар адамдар ол жерде өз шотына ақша салуына немесе одан алуына болады. Адамдарға ыңғайлы болу үшін мұндай банкоматтар дүкендерде және басқа қоғамдық орындарда, мысалы, әуежайларда, саябақтарда және вокзалдарда орнатылған. Бұл банк өнімі де көпшіліктің сұранысына ие.

– Біз де банк картасын аша аламыз ба? – деп қызықты Үсен.

– Иә-иә, мен де соны білгім келеді! – Асан ағасын қолдай кетті. – Жаңа мен сіздің әңгімеңізден түсінгенімдей, ақшаны үйдегі жинақ сандықшасына салғаннан гөрі картада сақтау қауіпсіз әрі тиімді екен, оған қоса банк пайыз төлейді!

– Дұрыс айтасың, банк картасының кәдімгі сандықшадан артықшылығы көп, – деді Шолпан, – ең бастысы, сіздің шотыңыздағы ақшаны ешкім ұрламайды және ай сайын сомаға сәйкес өсімақы есептеліп отырады, сөйтіп ақша көбейеді. Бірақ біз балалардың банк картасын тек ата-анасының рұқсатымен ғана аша аламыз.

– Біз бұны үйде ақылдасамыз, – деді Жарқын Арманұлы.

– Рақмет, бұл өте қызықты әрі пайдалы экскурсия болды! – деп балалар қоштасарда Шолпанға алғыс айтты. – Біз сізге тағы да келеміз!

ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ҚОЙЫН ДӘПТЕРІ

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі – қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғайтын мемлекеттік ұйым.

ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ ЖИНАҒЫ

...«Банк» сөзі француз немесе неміс тілінен алынған және итальян тіліндегі «banco» – бастапқыда «орындық, ақша айырбастаушының сөресі» деген сөзден шыққан. Қазіргі уақытта «банк» – «ірі қаржы-несие мекемесі» деген мағынаны білдіретін халықаралық сөз.

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН БӨЛМЕСІ

АЛТЫН МОНЕТА

КОМИКС-САБАҚ
БАНК ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

1. Қазақстанда екі деңгейлі банк жүйесі бар.



2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі – басты немесе орталық банк, бірінші деңгейдегі банк. Сондай-ақ, оны үкіметтің бас қаржы кеңесшісі деп те атайды.

3. Екінші деңгейлі банктер – тұрғындармен және кәсіпорындармен жұмыс істейтін коммерциялық банктер.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Қаржы нарығын мемлекеттік реттеумен айналысады, қаржылық ұйымдардың қызметін қадағалайды.

ШЫТЫРМАН ОЙЫН
БАНКТЕРДІҢ МІНДЕТІ

ҚР Ұлттық банкі мен коммерциялық банктердің міндеті мен жауапкершілігі қандай екенін түсіну үшін, біз сендерді Асан мен Үсенмен бірге басқатырғыш ойынына шақырамыз. Олар ойын алаңын аралай жүріп, еліміздің бас мемлекеттік банкінің және екінші деңгейлі банктердің міндетіне не кіретінін анықтауға тиіс.



БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ СӨЗЖҰМБАҚ

Сөзжұмбақты дұрыс шешсең, банктердің немен айналысатынын білетін боласың.

Көлденеңінен:

1.Банктердің жылжымайтын мүлікті кепілге алу арқылы тұрғын үй сатып алу үшін халыққа ұзақ мерзімді несие беру жүйесі.

2.Банк салымшыларға олардың ақшасын пайдаланғаны үшін ай сайын төлейтін сома.

3.Қазақстанның ұлттық валютасы.

Тігінен:

1.Ақшаны сақтауға қабылдау және оны қарызға беру құқығы бар қаржы ұйымы.

2.Адамның табыс табу үшін банкке сақтауға беретін ақшасы.

3.Адамның банктен қарызға алған ақшасы, оны келісім бойынша белгілі бір мерзімге дейін өсімақысымен қоса қайтарып беруге міндетті.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР:

Көлденеңінен:

1. Ипотека 2. Пайыз 3. Теңге

Тігінен:

1.Банк 2. Депозит 3. Несие

Ольга ГУМИРОВА. Суретші Ирина ЛЕГОСТАЕВА. Аударған Дина ИМАМБАЙ

Атың барда жер таны...

ҚАЗАҚТАРДЫҢ АНА ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕМЕЙТІНІ ҰНАМАДЫ



Gürkan Özalp (Гүркан Өзалп) – саяхатшы. Ұлты – түрік. Түркияның Болу қаласында дүниеге келген, жасы 23-те. Анкара қаласындағы Анкара университетінде саясаттану және мемлекеттік басқару мамандығында оқыған. Саяхатшылық жолын енді-енді бастаса да, Түркияның 32 қаласын аралап, әлемнің 9 елінде болып үлгерген. Гүркан жақында Қазақстанға саяхат жасап, елдің ішкі тыныс-тіршілігімен танысып, көздің жауын алатын табиғатымызға тамсанып қайтқан. Кейіпкеріміз саяхатшылық жолы мен Қазақстанға жасаған саяхаты жайында айтып беруге қуана-қуана келісті.

– Саяхаттауды университеттегі соңғы оқу жылында бастадым. Бірінші Түркияның қалаларына саяхат жасауды жөн көрдім. Одан кейін үлкен дорбамды асынып алып, әлем елдеріне саяхат жасауға кірістім. Түркияда 81 қала бар болса, мен соның 32 қаласында болдым. Ал осы уақытқа дейін әлемнің Грузия, Әзербайжан, Солтүстік Македония, Албания, Черногория, Косово, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты елдерінде болдым. Ең жағымды әсер қалдырғаны – Черногорияға саяхат.

– Қазақстанды таңдауға не түрткі болды?

– Орталық Азия елдері қатты қызықтырады. Қазақстан – қазақтардың ғана емес, бүкіл түркі халқының қасиетті мекені. Орталық Азияға саяхатымды қазақ елінен бастауды ұйғардым. Қазақстанның жері үлкен, көруге тұрарлық әдемі жері де көп.

Түркістан мен Алматы қатты ұнады. Алматы әсем тауымен баурап алса, Түркістан тарихи ескерткіштер, кесенелер, мұражайларымен-ақ өзіне ғашық етті. Қазақ халқы өте қонақжай екен, мені жақсы қарсы алды. Бір қазақ апай маған арнап қазақтың ұлттық тағамын дайындады, ет асып берді. Өмірімде алғаш рет жылқының етін жедім және менің көңілімнен шықты. Шұбат деген сусынды да ішіп көрдім, бірақ дәмі маған аса ұнамады.

– Қазақтың салт-дәстүрі мен ана тілі түріктерге ұқсай ма екен?

– Қазақ пен түріктің салт-дәстүрі ұқсайды. Тіл жағына келсек, ұқсайды деп айту қиын. Иә, ұқсас сөздер бар, бірақ сөйлеу барысында олардың мағынасы өзгеріп кетеді. Осының кесірінен Қазақстанда қазақша сөйлеу маған біраз қиынға соқты.

– Қазақстанда сізге ең ұнамаған нәрсе не болды?

– Қазақтардың қазақ бола тұра өз ана тілінде сөйлемейтіні ұнамады. Қоғамдық орындарда барлық сөздің орысша жазылғаны да ұнамады. Туристік аймақтарға ағылышынша белгілер мен арнайы жазулар қойылса, туристерге ыңғайлы болар еді. Адамдармен байланыс орнату қиынға соқты. Біреуіне қазақша сөйлесең, екіншісіне орысша, енді біріне ағылшынша сөйлеуге мәжбүр болады екенсің.

– Саяхат жасау сізге несімен ұнайды? Жалғыз саяхаттауға қорықпайсыз ба?

– Мен саяхатты еркіндік үшін жақсы көремін. Алыс жолдарға саяхат жасау өзіңе деген сеніміңді арттырып, еркіндік сезімін сыйлайды. Саяхат жасау үшін жеткілікті қаражаттың болғаны дұрыс. Бірақ, барлық нәрсені тек ақшаға тіреп қоймау қажет. Еуропалық жастар 2000 доллармен ғана әлемге саяхат жасап жүр. Біздің олардан қай жеріміз кем? Жалғыз саяхаттаудан қорықпаймын. Негізі саяхат барысында қасымда достарым болады, бірақ Орталық Азияға жалғыз саяхаттап жүрмін.

Саяхат барысында жаңа адамдармен танысып, олармен саяхаттап кететінім де бар. Ақшаны барынша үнемдеуге тырысамын. Қазір YouTube арнамды белсенді жүргізіп, осы саланы дұрыстап қолға алып, жақсы нәтижеге қол жеткізу жоспарымда бар. Айта кететін маңызды нәрсе: саяхаттауға қосалқы аяқкиім, бірнеше пакет, жылы киім, күннен қорғайтын крем, баскиім алып жүрген абзал. Саяхаттауға нақты бекінген болсаңыз, бойыңызда сенім, мейірім мен төзім болсын.

– 23 жасыңызға дейін өмірден үйренген төрт нәрсе?

– Бірінші: өмір өте қысқа, уақытты проблема ойлаумен өткізбеу;

Екінші: әрқашан позитив болу;

Үшінші: мүмкіндігінше көп саяхат жасау;

Төртінші: отбасы мен достарды бағалау.

– Жасөспірімдерге ағалық ақыл-кеңесіңіз болса...

– Қазір сендер үшін үлкен проблема болған дүние болашақта түкке тұрғысыз нәрсеге айналады. Проблеманы ойламай, жастық шақты мәнді де сәнді өткізіңдер. Қандай қиындық келсе де, күліп қарсы алыңдар. Әр қиындықтың бір қайыры бар!

– Бос уақытыңызда саяхаттаудан басқа немен шұғылданғанды ұнатасыз?

– Бос уақытымды спортқа арнаймын. Мысалы, жүзу, баскетбол ойнау т.б. Өзге елдердің мәдениетімен танысып, жаңа тіл үйренгенді де ұнатамын.

– Сұқбатыңызға көп рақмет!

P.S. Гүркан ағаның біздің ана тілімізге байланысты айтқаны жаныма қатты батты. Расында, елімізге әлемнің түкпір-түкпірінен шетелдіктер мәдениетімізбен, ана тіліміз-бен, тұрмыс-тіршілігімізбен танысқалы келеді. Оларды ана тілімізде емес, өзге тілде қарсы алсақ, қандай жағымсыз әсер қалдыратынымызды ойладық па?!.

Диана АҒЗАМОВА,
11-сынып оқушысы
Семей қаласы

Әуез

ТЫҢДАЙТЫН МУЗЫКАҢ ҚАНДАЙ БОЛСА, ӨЗІҢ ДЕ СОНДАЙСЫҢ

Ән – адам баласының ішкі сезімдерімен, тербелістерімен тікелей байланысты. Қазір құлаққап тағып, ән тыңдап жүргендерді жиі көреміз. Бірақ, олардың қандай жағдайда тыңдап жатқанын, ішкі сезімін түсіну қиын. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Адамның жандүниесін, көңіл-күйін, сезімін бейнелеуде музыка оның сөйлеу тіліне, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоциялық қатынасын білдіретін сөйлеу интонациясына өте жақын келеді. Соған қарамастан, музыка адамның басқа дыбыстық іс-әрекетінен ерекше саналады. Музыка өнерінің қандай түрлері бар екенін білесіз бе? Ол қоғамға қалай әсер етеді? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрсек.

Классикалық музыка деген ұғым көбіне ағарту дәуірінде жазылған музыкамен байланысты. Әсіресе, Еуропаның дәстүрлі музыкалық өнер туындыларымен ерекшеленеді.

Халық музыкасына ата-бабамыздан келе жатқан жырлар, әдеби термелерді жатқыза аламыз. Толғаулар мен айтыс өнері. Бұл музыка арқылы патриоттық сезімді, қоғамға деген көзқарасты өзгертуге болады. Халық музыкасы қазірге дейін қалпын жоғалтқан жоқ.

Блюз – афроамерикалықтардың мұңын көрсететін, элегия сарынындағы лирикалық мелодия. Көбіне адамдардың эмоциясын айқындайды.

Джаз – музыка жанрының ерекшесі. Бұл сарынды тыңдайтын адамдар биге, көңіл-күйінің жоғалмауына аса мән береді.

Рок – сілкіну, поп музыка саласы. Көбіне, адам тербелісі нәтижесінде жүзеге асады. Рок тыңдаған адамның көңіл-күйі көтеріңкі жүреді.

Мінеки, адамдар өз қалауына байланысты әртүрлі болып бөлінеді. Ішкі сезімді әнмен үйлестіру – үлкен қасиет. Оны көңіл-күй түскенде немесе қуанышта да тыңдай беруге болады. Әр адамның тыңдайтын өзіндік ерекше музыкасы стильге байланысты байқалады. Сондықтан музыкаң қандай болса, сен де сондайсың деген сөз.

Аида ДАНИЯРҚЫЗЫ,
Рахат ауылдық округі №1 орта мектебінің
11 «Ә» сынып оқушысы
Алматы облысы
Еңбекшіқазақ ауданы

Мұзафар Әлімбаевтың туғанына 100 жыл

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАС АҚЫНЫ

(Басы 1-бетте)

Сол естелік кітаптан басқа да ағаларына, замандастарына мейлінше сыйлы болғанын байқаймыз. Оның үстіне, қазақ әдебиеті даму жолына енді түскен заманда жас қаламгерлерді сыртқа тебу де әбес болар. Мұзағаңның жас кезінде қатарластары арасында газет беттерінде ағалардың алқымына жармасқаны аз емес. Мұхтар Әуезовтің ширегіне де келмейтін, кеше ғана қолына қалам алғандардың үлкен жазушыдан болмашы ілік іздегені сол замандағы газет бетінде сайрап жатыр. Ал Мұзағаң өйтпеді. Алдыңғы буыннан ол тек тәрбие алды. Кейінгі буынға да сол тәрбиені берді.

Балдырғанның тілін тапқан

Сөз жоқ, Мұзағаңның әлемі – балалар әлемі. Поэзияда қолтаңбасы бола тұра, қалың оқырман оны әуелі «балалар әдебиетінің бағбаны» деп таниды. Оған «Балдырған» журналының алғашқы редакторы болғаны да әсер етсе керек. «Балдырғанды» отыз жылға жуық басқарды. Осыдан бастап ол балаларға арнап көп жазды. Жазуы ширай түсті. «Қазақ балалар әдебиетінің өкілі» деген сөз оның алдында болмады дей аламыз. О заманда балаларға тек ертегі айтылатын. Жұмбақ, жаңылтпаштар қағазға түспеген. О замандағы балалар әдебиеті – ауыз әдебиеті. Алаштық қаламгерлерден бірді-екілі өлең қалды. Алайда, балалар әдебиетінің ішінде де түрлі жанр бар екенін ескерсек, Мұзағаң оның бүкіл қара жұмысын атқарды деуге болады.

Мұзағаң ғасырға жуық ғұмырында 70-ке жуық кітап шығарыпты. Әлбетте, көбі – балаларға арналған кітаптар. Жазған сайын ширай түсті дегеніміздің дәлелі – бала санасына демде жатталатын, көркемдігі де келіскен өлеңдер мен тақпақтар күн санап көбейе берді. Мысалы:

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.

Міне, қандай шеберлік! Тағы екі шумағы бар. Дегенмен бала санасында тез-ақ жатталып қалады. Ел білетін тағы бір тақпақты айталық.

Біз кішкентай балдырған,
Сескенбейміз жаңбырдан.
Төбемізде қолшатыр,
Алдымызда жол жатыр.

Міне, осы тақпақтарды тілі шыққан баланың бәріне жаттата беруге әбден болады. Әрі тілі жаттығады, әрі тақпақ жаттайды. Қазір балабақша қызметкерлері балаға жаттататын тақпақ таппай әуреге түсіп жатады. Жасыратыны жоқ, көбі әлеуметтік желілерден шалажансар тақпақтарды ала салады. Қиын сөздерден құралған, ұйқасы келіспеген тақпақты жаттай алмаған бала келесіде оған жолай ма?! Ал Мұзағаң – дайын энциклопедия. Оның мұрасы өткен заманмен бірге кетпек емес.

Ақша қарға тап кеше,
Кетті торғай хат жазып.
«Балалар дән сеппесе,
Қайдан табам тәтті азық?»

Мұндай тәтті тақпақтар Мұзағаң мұрасында молынан кездеседі.

«Ұлан» («Қазақстан пионері») газетінің кезекті мерейтойында

Мұзағаңнан қалған сөз

Мұзағаңның ден қойғаны әдебиет болса, одан әрі сөзге аса сақтықпен қарады. Әкесі мұғалім, анасы ауыл ақыны болған Мұзағаң кішкентайынан дұрыс сөйлеуді, көркем сөйлеуді меңгеріпті. Өзі туған Маралды топырағында сөзге шешен, ділмар адамдар көп болыпты. Бірде он бес жасында педучилищеде оқып жүргенде жанындағы досы ауырып қалады. Оны ауруханаға апарғанда, дәрігер диагнозын дұрыс қоймай, өлтіріп ала жаздапты. Сонда Мұзағаң:

– Ебі жоқ дәрігердің емі де жоқ, – деп айтып салыпты. «Өз жанымнан шешен сөзді шығаруымның алғашқысы осы еді», – дейді естелігінде. Кейін Мұзағаң осындай сөздерге ден қояды. Жүрген жерінде бұрын естімеген сөздері болса, қойындәптеріне түртіп жүріпті. Ғабит Мүсіреповтің өзі Мұзағаңнан бұрын естімеген сөздерді естіп, өз дәптеріне жазып алыпты. Осындай сөз мәселесіне келгенде бәрі Мұзағаңнан пікір сұрап тұратын болған екен.

Кейін мұндай сөздердің көбі халық даналығына айналып кетті. Мысалы, «Үйлену оңай, үй болу қиын» дегенді бәрі біледі. Халық сөзі деп жүрміз. Бірақ мұның авторы – Мұзағаң. Осындай әйгілі сөздерін жіпке тізіп көрелік: «Апыл-ғұпыл ішкен ас, Асқазанға түскен тас». «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді». «Жағың сынса да, сағың сынбасын».

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз де Мұзағаңдікі дейді көзін көргендер. Кейін бұл сөздердің бәрін біріктіріп, «Нақылнама» атты кітап шығарды. Іші толған мұра. Құдды халық мұрасын көшіріп салған секілді. Алайда бұл Мұзағаңның жылдар бойы жазған еңбегінің жемісі. «Жеті атасын білмеген – жетесіздік» деген сөзді де осы кітаптан кездестірдік.

Көзін көргендер Мұзағаңды өте еңбекқор болды дейді. Жазуына аса сақтықпен қараған. Нәтижесінде қаншама сөзі халық сөзіне айналып, қаншама өлеңі ел жадында қалды. Одан бөлек, «Ақмаңдайлым», «Маралдым» секілді әндерді білмейтін қазақ жоқ. Осы секілді көптеген әннің өлеңі – Мұзағаңдікі.

Классиктерді даярлады

Мұзафар Әлімбаев 1958 жылы жаңадан ашылған, биыл 65 жылдығы аталып өтіп жатқан «Балдырған» журналына редактор болып тағайындалды. Бұрын балаларға арналған журналдың үлгісі де болмаған. Әлбетте, өзінің «Пионер» журналында талай жыл қызмет еткені бар. Бірақ бұл басқа гәп. Бүлдіршіндерге ашылып отырған журнал. Мұнда бәрі басқаша. Балаға оқуды, жазуды, жаттауды үйрету керек. Не істемек керек?

Редакция алқасын Мұзағаң өзі даярлайды. Поэзия бөліміне университетті енді бітірген жас ақын Қадыр Мырза Әлиді бекітеді. Проза бөліміне Бердібек Соқпақбаевты, жауапты хатшы етіп Әнуарбек Дүйсенбиевті тағайындайды. Сөйтеді де, жұмысты бастап кеп жібереді. Міне, Мұзағаңның байқампаздығын қараңыз. Редакторлық қасиетін ол ә дегеннен-ақ көрсетеді. Осындай талантты жастардан құрылған ұжым демде тамаша журнал шығарады. Іші мәнді де мазмұнды журналдың таралымы да тез өседі. Мұзағаң бекіткен осы жастар кейін қандай дәрежеге жетті. Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожасымен»-ақ балалар прозасының шыңына шықты. Әнуарбек Дүйсенбиев қандай тамаша өлеңдер жазды. «Апаң сенің базардан, алма сатып әкелді» деген әйгілі тақпақтың авторын бүгінгі балалар біле ме? Немесе «Ұзын құлақ, сұр қоян...». Міне, осы тақпақтардың авторы – Әнуарбек Дүйсенбиев. Ал Қадыр Мырза Әлидің кейінгі даңқы күллі қазаққа мәлім. Міне, осылардың бәрінің ұстаханасы – «Балдырған» журналы мен Мұзафар Әлімбаев.

Құрмет

Міне, осындай ерен еңбектердің авторы Мұзафар Әлімбаевты биыл 100 жылдығына орай қайыра еске алып отырмыз. Өңір-өңірде іс-шаралар өтіп-ақ жатыр. Ал басқа уақыттарда қалай дәріптеп жатырмыз? Осындай көл-көсір мұрасын қаншалықты зерттеп-зерделеп, атын ардақтай алып жатырмыз?!

Алматы қаласында орталықтандырылған 28 кітапхана бар. Көп кітапхананың атауы жоқ. Барының өзі – Кеңес өкіметінде қойылғаннан бері өзгермей келеді. Мысалы, Крылов атындағы, Чехов атындағы кітапханалар бар. Қалған кітапханаларда атау жоқ, тек нөмірмен белгіленген.

Ал қазақ әдебиетінде есімін кітапханаға қоярлық қаламгер аз ба? Соның бірін Мұзағаңның атына беруге не кедергі? Бізде өмірден өткен соң бес жылдан кейін ғана адам атына көше беріліп, қандай да бір ұсыныстар жасалады деген ереже бар. Мұзағаң өмірден өткелі алты жыл. Енді не кедергі? Оның үстіне, балалар әдебиеті бойынша Мемлекеттік сыйлықтың жалғыз иегері де Мұзағаң. «Ұлан» бастаған балалар басылымдары да Алматыдағы балалар кітапханасының бірін Мұзафар Әлімбаев атымен атауды қуана қолдайды.

Мұзағаң «Нақылнамасында» «Ақынның өзі – сәби, сөзі – нәби» деп жазыпты. Оның мұрасын ақтарып отырып, өзі де осы сөзге лайық боп өткенін аңғарасың.

Асылан ТІЛЕГЕН

Өздерің жазған хаттардан

РЕСПУБЛИКА КҮНІ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІН ҚАЛАЙ ТОЙЛАУ КЕРЕК?

Жақында дарынды оқушыларға арналған «Елорда дарыны» атты республикалық форум өтті. Форумға еліміздің түкпір-түкпірінен оқушылар қатысып, дарынды оқушы төсбелгісімен марапатталды. Форумның мақсаты – дарынды оқушылар арасында байланыс орнатып, Республика күнінің маңызын түсіндіру.

Форумға архитектор, Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлы қатысып, қатысушыларға үлкен ой салды. Өзіміздің ұлттық кодымызды, рухани байлығымызды соның ішінде тілімізді, осындай мерекемізді дәріптеу, сақтау керектігін айтып, батасын берді. Бұл форумға Ақтөбе қаласының атынан өзім де қатыстым. Әсіресе, Елтаңба авторынан бата алып, жастарға, өскелең ұрпаққа айтқан ақылын тыңдағаныма қуанамын. Одан бөлек, еліміздің дамуына ықпалын тигізіп жүрген, белгілі IT университетінің профессоры Шаяхмет Нұрбек Уақапов қатысып, мерекелер туралы ой қозғады. Мәселен, 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі Жаңа жыл тасасында қалып қойып, тойланбай қалатынын нықтап айтты. Шынымен де, дәл осылай жалғасатын болса, біздің төл мерекеміз жылдан-жылға тойланбай, мән-мағынасы қалмауы мүмкін. Бұл мәселені шешу жолын алты тізбекке бөліп талқылады. Біріншіден, Отан отбасынан басталады. Осындай мерекелерді салтанатты түрде үйімізде жыл сайын тойласақ, өскелең ұрпақ та бойына сіңірері анық.

Екіншіден, отбасымен мешітке барып, тәуелсіздік жолында құрбан болған аға-әпкелеріміз үшін құран бағыштау керек.

Үшіншіден, бұл мерекелер эмоцияға толы болуы керек. Сонда ғана оны балалар асыға күтеді. Мәселен, Тәуелсіздік күнінде сыйлықтар беріп атап өтсе, балалар да ұмытпайтыны анық.

Төртіншіден, оқушыларға жылда бір өлең жаттатқызып, тәуелсіздіктің қалай келгенін түсіндіре алмаймыз. Сол себептен тәуелсіздік қарсаңында «бір іс-шара өткізе салайықшы» дегенді қою керек.

Бесіншіден, отбасымызда дастарқан жайып қонақ шақырған кезде тәтті тортқа «Тәуелсіздік күні құтты болсын» деген сөзді міндетті түрде жаздыру керек. Бұл ұсақ-түйек болып көрінгенімен, балаларға әсер ететіні анық.

Алтыншыдан, тек Наурыз мерекесінде ғана емес, осындай жылына бір келетін төл мерекелерімізде ұлттық киімімізді киюіміз керек екенін жеткізді.

Залда жиналған, шулап отырған кішкентай бастауыш сынып оқушыларынан бастап, жасы үлкен адамдарға дейін осыны айтқанда үн-түнсіз, зер сала тыңдады. Бәріне керемет әсер еткені анық.

Томирис ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
11-сынып оқушысы
Ақтөбе қаласы

ҚАРАҢҒЫ ҚАЗАҚ КӨГІНЕ ӨРМЕЛЕП ШЫҒЫП КҮН БОЛҒАН...

Жиырма жеті жасында жүздегі абыздың ақылман сөзін айтып кеткен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына – 130 жыл. Туған халқының туын биік еткен ол Көкшетау өңірінде қара түнекті жарық қылған күндей болып дүниеге келген еді. Кейіннен әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан бастап Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алған. Шығыстық мақаммен жыр жазған Мұқан молда тәлімі Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсер етіп, ақындық жолындағы алғашқы қадам болды. Жырдан нұр шашқан Сұлтанмахмұт жастайынан жоқшылық пен жетімдіктің зардабын тартса да, білімнен алыстаған жоқ. Тырнақалды туындысын «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп атап, ендігі ақындықты қолға алатынын мынандай өлең жолымен жеткізді:

«Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,
Енді оған өлең жазу болсын серік».

Осы үзіндіден-ақ Сұлтанмахмұт ендігі біліммен қатар, өнерге, өлең жазуға кірісетінін аңғарамыз.

«Мұқаннан екінші жыл сабақ алам,
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.
Лепес қып өзі бастап, «ақын бол» деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған.
Сондықтан бір мақсатым өлең жазу,
Оқуменен бірге іздеп, қоса қазу.
Осы ойыма өткен түн серт берілді,
Менде болмас бұл ойдан өмірде азу», – деген шумақтардан білім алуға, Абай айтқандай, дүниенің кетігін қалауға, ізденуге ұмтылғаны анық көрінеді.

Сұлтанмахмұт естеліктерінде былай жазады:

«Мен өзім жұмасында екі ғана обед етем (ет татам), құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәртаба болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным ала қағаздың беті. Әбубәкірдегіден басқа бір тиыным ақымақтық жолға кеткен жоқ. Сонда да қайғырмаймын, бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң, тұрмыс қандай жүк салса да көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ».

Сұлтанмахмұттың бұл жазбасынан көңілі тек оқуда болып, қысқа өмірін тек білімге арнағанын аңғаруға болады. Мұздаған елдің жүрегін біліммен, «надандық теңізін» тарту арқылы ғана жылытуға болатынын әр өлеңінде қозғаған.

Сұлтанмахмұттың білімге құлшынысы қазіргі және келешек ұрпақтың ғылым үйреніп, ілім алуына шабыт берері сөзсіз. Асқақ арманды мәуелі мақсатқа айналдырар жолда жастарға нағыз үлгі.

Жұлдыз НАЗАРХОДЖАЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 1-курс студенті
Алматы қаласы

TARY FEST ЭТНОФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Тары FEST этнофестивалі биыл алғаш рет республикалық деңгейде өтті. Ақтөбе облысының Ойыл ауданында дәстүрлі «Көкжар жәрмеңкесі» ұйымдастырылып, алғаш рет тары шаруашылығымен айналысушылардың этнофестивалі болды. Тары фестивалінің Ойыл жерінде өтуінің үлкен мәні бар. Ойыл – ақ тарының мекені, берекелі аймақ. Әйгілі Шығанақ Берсиевтей тары өсірушінің туған жері. Тары өсіруден әлемдік рекорд орнаған өлке. Ал Шығанақ атамыздың есімі айтылған жерде еңбекқорлық пен адалдық деген қасиеттер де бірге аталады.

Тары қазақ даласында XI ғасырдан бастап егіле бастаған. Дүниежүзінде бес жүзге тарта түрі бар екен.

Бұл той – тарының ғана емес, ұлттық құндылықтарды құнды қазынасындай, баба мұрасындай қадірлей білетін әрбір азаматтың тойы. Мен де әжеммен бірге фестивальдің куәсі болып, атсалысып

қайттым. Күнделікті өмірде пайдаланып жүрген тарының қалай жасалатынын көріп, тарихымен таныстым. Тарыдан жасалатын түрлі өнімнен дәм таттым. Өңірімізде алғаш рет осындай этнофестивальдің өткені қуантады және жалғасын табады деп ойлаймын.

Республикалық фестивальдің ерекшелігі, 300-ге жуық түрлі сала өкілі «Тары қуыру», «Тарыны келі-келсаппен түю және ұшыру», «Диірменшілер», «Тарыдан жасалатын өнімдер» байқауларында бақ сынады. Облысымыздың он бір ауданы, Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы, Атырау облысының Қызылқоға ауданынан келген қатысушылар көрермені таңғалдырып, өнерін ортаға салды.

Қазылар алқасының шешімімен байқауда I орынды Ойыл ауданы алса, II орын Алға және Мұғалжар аудандарына берілді. Ал III орын Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданымен бірге, Ақтөбенің Қарғалы және Қобда аудандарына бұйырды. 200 мың теңге көлеміндегі ынталандыру сыйлығы сегіз ауданға берілді.

Диана ӘДІЛХАН,
11-сынып оқушысы
Ақтөбе қаласы

ҰLAN

Меншік иесі
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Бас директордың орынбасары – Алматы басылымдарының жетекшісі
Думан АНАШ

Бас редактор
Жадыра НАРМАХАНОВА

Газет 6 жастан жоғары балаларға арналған

Бас редактордың орынбасары
Жұлдыз ӘБДІЛДА

Жауапты хатшы
Гүлфарида ЗЕЙНУЛЛИНА

Корректор
Сәуле ҮКЕНОВА

Көркемдеуші-дизайнер
Дария ТАЛАПОВА

Тел. 8 (727) 220-76-41

E-mail: npulan@mail.ru

Редакция алқасы
Алма ҮМБЕТТЕГІ
Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ

Тілшілер
Нұрлыхан ЖҰМАХАН
Жазира БЕКБОЛАТОВА

Нөмірдің кезекшісі
Жадыра НАРМАХАНОВА

Газет келмей қалған жағдайда мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
8(727) 2598899 (20318,20018),
8 707 333 71 45,
8 747 339 87 38

@balamendana

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Редакцияға түскен қолжазба авторға қайтарылмайды.

«Ұланда» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Мекен-жайымыз:
050010, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 58 а, 515-бөлме.

www. ulan.kazgazeta.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 15.03.2006ж. тіркеліп, №7026-Г куәлігі берілді.

Газет аптасына бір рет шығады.
Тапсырыс №1809-45
Көлемі 2 баспа табақ.
Индексі – 65355

Газет **АҚ «Алматы Болашақ»** баспаханасында басылды.
Алматы қаласы,
С. Мұқанов көшесі, 223 В
тел: 8 (727) 378-40-10

ТАРАЛЫМЫ – 3306